

## Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 275 шешімі. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда № 9-2-152 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 98 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013.01.22 № 98 шешімімен.**

**Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жеке тұлғалар" сөздері "Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар" сөздерімен ауыстырылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2010.10.22 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңына с ә й к е с м ә с л и х а т Ш Е Ш Т І :

1. Рудный қаласының әкімшілік аумағында біржолғы талондардың құны б е л г і л е н с і н :

базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін 1-қосымшаға сәйкес; қызметі дүркін-дүркін сипаттағы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін 2-қосымшаға сәйкес.

2. **алынып тасталды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2011.11.30 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың оныншы  
кезекті сессиясының төрағасы И. Шульга  
Қалалық мәслихаттың хатшысы В. Лоцинин  
КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Салық комитетінің  
Қостанай облысы бойынша салық  
департаменті Рудный қаласы  
бойынша салық басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
----- Е. Зикеев

23.12.2009

М ә с л и х а т т ы ң

2009 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 275 шешіміне 1-қосымша

**Рудный қаласының әкімшілік аумағында базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2010.05.25 № 315 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2010.10.22 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімдерімен.

Р е т бойынша №	Қызметтің түрі	С а у д а ауданы	Біржолғы талондардың құны (теңге)
1	Гүлдер сату	Бір орны сауда	130
2	Азық-түлік тауарларын с а т у (автомобильдердің қосалқы бөлшектерінен, автомобиль резеңкелерінен басқа)	Бір орны сауда	150
	Автомобильдердің қосалқы бөлшектерін және		

3	автомобиль резеңкелерін сату	Бір орны	сауда	175
4	Азық-түлік тауарларын с а т у (ет басқа)	Бір орны	сауда	130
5	Ет сату	Бір орны	сауда	250

М ә с л и х а т т ы ң

2009 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 275 шешіміне 2-қосымша

**Рудный қаласының әкімшілік аумағында қызметі  
дүркін-дүркін сипаттағы Қазақстан Республикасының  
азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондардың құны**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2010.10.22 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

р / с №	Қ ы з м е т т і ң түрі	С а у д а ауданы	Біржолғы талондардың құны (теңге)
Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):			
1	газеттер мен журналдарды	Бір сауда орны	80
2	тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдары (екпелер, көшет)	Бір сауда орны	80
3	бақша дақылдарын	Бір сауда орны	150
4	бал	Бір сауда орны	90